

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 ақпандағы N 96 Қаулысы

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 1686 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.
2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын 30 маусымға және 30 желтоқсанға Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) олардың орындалуы жөнінде ақпарат ұсынсын.
3. Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (келісім бойынша) жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2006 жылғы 9 ақпандағы N 96

қаулысымен бекітілген

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 590 , 2007.01.23. N 44 , 2008.02.02. N 89 Қаулыларымен.**

**2006-2008 жылдары**

Р / с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орында- луына жауаптылар	Орын- далу мер- зімі	Бол- жамды шығыс- тар	Қаржы-ланды - р у көзі

1	2	3	4	5	6	7
<b>1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте құқықтық базаны жетілдіру</b>						
1.	Бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға жататын құжаттар тізбесін анықтай отырып, мемлекеттік органдардың бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі шешімдерді қолдануы мен іске асыруының ақпараттық айқындылығын қамтамасыз ету	ҚПА-ға ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), МАМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 30 желтоқсан және 30 маусым	Талап етілмейді	
2.	Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АБА	2006 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	
3.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне рұқсат ету қағидатын қолдану саласын оның түрлі нысандарында еркін кеңейту үшін жауапкершілікті белгілеу тұрғысында өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Әділетмині (жинақтау), ҚПА (келісім бойынша), ИСМ, ИМ, БП (келісім бойынша), ТМРА, ЖРА, Қоршаған ортамині	2006 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
4.	"Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын (жаңа редакция) әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИСМ (жинақтау), Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	
5.	Орталық мемлекеттік органдардың жекелеген функцияларын жергілікті билік және басқару органдарына беру арқылы функцияларды орталықсыздандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру	ҚПА-ға ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жылғы 30 желтоқсан	Талап етілмейді	

6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тиісті тауар рыногында үстем жағдайға ие табиғи монополия субъектілерінің және рынок субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИСМ (жинақтау), ТМРА, Әділетміні, мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді
7.	Экспорттық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңына экспорттық бақылаудың ұлттық жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИСМ (жинақтау), Әділетміні, Қаржыміні	2006 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
8.	Лицензияланатын қызмет түрлерін және мемлекеттік органдардың рұқсат ету функцияларын қысқарту, сондай-ақ лицензиялар және рұқсаттар алу тәртібін жеңілдету жөніндегі жұмысты жалғастыру	ҚПА-ға ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2006-2007 жылдары 30 желтоқсан және 30 маусым	Талап етілмейді
9.	Мемлекеттік қызметшілерді мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттың көшірмесін мемлекеттік органның кадр қызметіне ғана емес, әділет органына да уақтылы тіркеу үшін ұсынуға міндеттей отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	МҚА (жинақтау) (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ҚПА (келісім бойынша), ІІМ, Әділетміні, ҰҚК (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	2007 жылғы 1-тоқсан	Талап етілмейді

10.	<p>Кейбір заңнамалық актілерге жұмысқа қабылдау, лауазымды тұлғалардың функционалдык міндеттерін атқаруы кезінде мүдделер дауы мәселелерін реттеу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p>	<p>Еңбекмині (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар</p>	<p>2007 жылғы 1-тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
11.	<p>Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне: лауазымды тұлғаларды " белсенді" және "селқос" сатып алу үшін; банктердің лауазымды тұлғаларының қызмет жағдайын асыра пайдаланғаны үшін; мемлекеттік қызметке орналас-тыру мақсатында ақшаны немесе мүліктік құндылықтарды алғаны немесе қорқытып алғаны үшін; заңды тұлғалардың шетелдік лауазымды тұлғаларды сатып алғаны үшін жауапкершілікті белгілеу мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Сыбайлас жемқорлық қылмыс ұғымын және соның негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыстардың неғұрлым нақты тізбесін анықтау, сыбайлас жемқорлық " импортының" жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау мүмкіндігін қарастыру</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p>	<p>Қ П А (жинақтау) (келісім бойынша), Әділетмині, ІІМ, Ұ Қ К (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша)</p>	<p>2007 жылғы 2-тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
12.	<p>Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сыбайлас жемқорлық қылмыстарды және құқық бұзушылықтарды анықтау, оларды жасау нәтижесінде алынған кірістер мен мүлікке тыйым салу және тәркілеу рәсімде-</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат</p>	<p>Қ П А (жинақтау) (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Ұ Қ К</p>	<p>2007 жылғы 10 шілде</p>	<p>Талап етілмейді</p>	

	рін енгізу мүмкіндігін қарастыру		(келісім бойынша), ІІМ, Әділетмині			
13.	"Кейбір заңнамалық актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын пысықтау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Қ П А (жинақтау) (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша)	2007 жылғы 2-тоқсан	Талап етілмейді	
14.	"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы"» Қазақстан Республикасының Заңына»" мемлекеттік ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын адамдар" ұғымын нақтылау бөлігінде және сыйлықтар мен ілтипат көрсету белгілерінің және қонақжайлылықтың аражігін ажыратуды анықтайтын нақты өлшемдерді белгілеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	М Қ А (жинақтау) (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қ П А (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша)	2007 жылғы 2-тоқсан	Талап етілмейді	
15.	Мемлекеттік билік органдарының құрылымын және штат санын, сондай-ақ құрылымды өзгерту өлшемдерін анықтау үшін ғылыми негізделген ережені әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Э Б Ж М (жинақтау), МБА (келісім бойынша), М Қ А (келісім бойынша)	2007 жылғы 10 шілде	Талап етілмейді	
	Азаматтардың мүлкін, соның ішінде жауапты мемлекеттік лауазымдар атқаратын тұлғалардың мүлкін олардың қоғамдастықтың ұйымдасқан топтарымен байланысын көрсететін жағдайда тәркілеу бөлігінде Қазақстан	Қазақстан Республикасы	Қ П А (жинақтау) (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша), Б П			

16.	Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу орындылығы туралы мәселені қарау. Мемлекеттің меншігінде тұрған тәркіленген мүлікті әлеуметтік жобаларды шешу үшін беру тәртібін заң жүзінде көздеу.	қасының Үкіметіне ақпарат	(келісім бойынша), Ұ Қ Қ (келісім бойынша), І І М, Әділетми- н і, Қаржымині	2008 жылғы 1 0 шілде	Талап етіл- мейді	
17.	Мемлекеттік активтерді басқару процесінде туындайтын құқықтық негіздерді, қағидағтарды және ережелерді бекіту мақсатында "Мемлекеттік активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республи- к а с ы Заңының жобасы	ЭБЖМ (жи- нақтау), Қаржымині мүдделі мемлекет- т і к органдар	2008 жылғы 4-тоқ- сан	Талап етіл- мейді	
<b>2. Сыбайлас жемқорлықты азайту жөніндегі мемлекеттік шараларды жетілдіру</b>						
18.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республи- к а с ы Заңының жобасы	ЭБЖМ (жи- нақтау), мүдделі мемлекет- т і к органдар	2006 жылғы 1 - 2 тоқсан	Талап етіл- мейді	
19.	Қолма-қол есеп айырысу басым экономика салаларында есепке алуды жетілдіру	ЭБЖМ-ге ұсыныстар	Қаржымині (жинақ- тау), АБА, АШМ, ККМ, мүдделі мемлекет- т і к органдар, Е К (келісім бойынша)	2006 жылғы 1-тоқ- сан	Талап етіл- мейді	
20.	Тұрақты негізде кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу, шенеуніктер тарапынан кәсіпкерлердің құқықтарын шектеу	Қазақстан Республи- касының	Қ П А (жинақтау) (келісім бойынша), Б П (келісім	ж ы л с ай ы н 1 0 қаңтар және		

	фактілерін анықтау бойынша іс-шараларды жүргізу	Үкіметіне ақпарат	бойынша), ПМ, Ұ Қ К (келісім бойынша)	1 0 шілде	Талап етілмейді	
21.	Мемлекеттің қатысуымен ұлттық компаниялардың, медиахолдингтердің және акционерлік қоғамдардың ақшалай қаражатты, соның ішінде жанама әдістерді қолдана отырып, жұмсауын заңдылығы мен тиімділігін тексеруді жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қ П А (жинақтау) (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Е К (келісім бойынша), Қаржымині	ж ы л сайын 1 0 қаңтар	Талап етілмейді	
22.	Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын тексеруді жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қ П А (жинақтау) (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Е К (келісім бойынша), Қаржымині	ж ы л сайын 1 0 қаңтар және 1 0 шілде	Талап етілмейді	
23.	Астананың дамуы мен қалыптасуы үшін құқықтық негіздерді жетілдіру мақсатында "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Астана қаласының әкімі	2006 жылғы 2-тоқсан	Талап етіледі	
24.	"Тауар биржалары туралы"» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын (жаңа редакция) әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИСМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	
25.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон заңнамасын жетілдіру, оралмандардың әлеуметтік қорғалуын және тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Еңбекмині (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	

26.	Мемлекеттің қатысуымен ұлттық компаниялардың, медиахолдингтердің және акционерлік қоғамдардың мүлікті сатуын тексеруді жүзеге асыру	ҚПА-ға ұсыныстар	Қаржымині (жинақтау), ҚПА (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша)	2006 жылғы 30 маусым	Талап етілмейді	
27.	Мемлекеттің қатысуымен ұлттық компаниялардың және акционерлік қоғамдардың бейінді емес функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін оларды анықтау	ҚПА-ға ұсыныстар	ЭБЖМ (жинақтау), ТМРА, ИСМ, ЭМРМ, Қаржымині	2006 жылғы 10 шілде	Талап етілмейді	
28.	Микрокредит беру, қызметтер көрсету тізбесін кеңейту жүйесін жетілдіру мақсатында "Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИСМ (жинақтау), Еңбекмині, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	
29.	Салық төлеушілермен жұмыс істеу жөніндегі бірыңғай орталықтар құру	ҚПА-ға ұсыныстар	Қаржымині	2007 жылғы 30 желтоқсан	Талап етіледі	
30.	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды тудыратын жағдайларды қысқарту және алдын алу мақсатында мемлекеттік қаржылық бақылау жоғарғы органы жанынан қаржылық бұзушылықтарды зерттеу бойынша қаржылық бақылау орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЕК (жинақтау), (келісім бойынша), ЭБЖМ, Қаржымині	2006 жылғы 4-тоқсан	Талап етіледі	
31.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ИСМ	2006 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	



	өзгерістер мен толықтырулар енгізу					
32.	Қылмыстық әрекет және капиталдарды "жылыстату" нәтижесінде алынған таяу және алыс шет елдердегі шоттарға салынған ақшалай қаражатты қайтару рәсімі мен тетігін реттейтін қолданыстағы құқықтық нормаларды қолдану тәртібі туралы әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	Әдістемелік ұсынымдар	Қ П А (жинақтау) (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Қаржымині, Ұ Б (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша)	2006 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
33.	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін өкілеттіктерін тоқтату бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	М Қ А (жинақтау) (келісім бойынша), ІІМ, БП (келісім бойынша), Ұ Қ Қ (келісім бойынша), Қ П А (келісім бойынша), мемлекеттік органдар	2007 жылғы 1-тоқсан	Талап етілмейді	
34.	Мемлекеттік органдар капиталды шетелге заңсыз өкету, қаржы құралдары рыногындағы және электрондық операциялар, заңсыз жолмен алынған ақшаны және өзге де мүліктерді заңдастыру саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау және оның жолын кесу бойынша қолданатын шаралардың тиімділігін қамтамасыз ету	ҚПА-ға ақпарат	Б П (жинақтау) (келісім бойынша), Қ Қ А (келісім бойынша), Қ П А (келісім бойынша), ІІМ, ҰҚҚ (келісім бойынша), Ұ Б (келісім бойынша), Әділетмині, СІМ	2008 жылғы 13 желтоқсан	Талап етілмейді	
35.	Жеке тұлғаларды жаппай декларациялауға			2007 жылғы		

	кезең-кезеңмен көшіруді жүргізу	ВАК-қа ұсыныс	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині	4-тоқсан	Талап етілмейді	
36.	Қолма-қол ақша айналымын азайту, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысандарын пайдалануды кеңейту жөнінде шаралар қабылдау	ҚПА-ға ақпарат	Ұ Б (жинақтау) (келісім бойынша), ЭБЖМ, ИСМ	2008 жылғы 30 маусым	Талап етілмейді	
37.	Стандарттау және сертификаттау саласындағы заңнаманы жетілдіру, оны халықаралық практикаға сәйкес келтіру	ҚПА-ға ақпарат	ИСМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы 30 желтоқсан	Талап етілмейді	
38.	Жер қойнауын, табиғат қорларын игеру, шикізатты өңдеу кезінде шетелдік компаниялармен келісім-шарттар жасасуда қолданыстағы заңнамаға сәйкес жария етуге жатпайтындарды қоспағанда, ашықтықты, айқындылықты қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеу	ҚПА-ға ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы 30 маусым	Талап етілмейді	
<b>3. Құқық қорғау және сот жүйелерін жетілдіру</b>						
39.	Жоғары заң оқу орындары мен факультеттері жоғары білім берудің бекітілген стандарттары шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша оқу әдебиетін әзірлеу мен шығаруды жалғастырсын. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламалары табысты іске асырылған елдерде қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырсын	ҚПА-ға ақпарат	БҒМ (жинақтау), ІІМ, Әділетмині, БП (келісім бойынша), Ұ Қ К (келісім бойынша), М Б А (келісім бойынша)	жыл сайын 30 желтоқсан және 30 маусым	Талап етіледі	

40.	Қазақстандық құқық қорғау органдарын халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдарға ықпалдастыру бойынша даярлық іс-шараларын өткізу	ҚПА-ға ақпарат	Б П (жинақтау) (келісім бойынша), ИМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қорғаныс-мині, Қаржымині, СІМ	жыл сайын 30 желтоқсан және 30 маусым	Талап етілмейді	
41.	Құқық қорғау органдарының, сот жүйесі мен арнайы қызметтердің жалақысын бір уақытта олардың жауапкершілігін күшейте отырып, арттыру жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу	ҚПА-ға ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), Еңбекмині, МҚА (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ИМ, БП (келісім бойынша), Әділетмині, ЖС (келісім бойынша), Қаржымині, Қорғаныс-мині	2007 жылғы 10 қаңтар	Талап етіледі	
42.	Құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтерді техникалық қамтамасыз ету деңгейін арттыру, олардың жұмысына қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚПА (жинақтау) (келісім бойынша), ИМ, ҰҚК (келісім бойынша), Б П (келісім бойынша), Әділетмині, Қаржымині, ЭБЖМ, Қорғаныс-мині, АБА	2007 жылғы 10 шілде	Талап етіледі	
43.	Құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің функциялары мен өкілеттіктерін қайталайтын нормаларды болдырмау мақсатында олардың қызметін реттейтін	ҚПА-ға ақпарат	Әділетмині (жинақтау), ЭБЖМ, ИМ, ҰҚК (келісім бойынша),	2007 жылғы 30 маусым		

	нормативтік құқықтық кесімдерді талдау		Б П (келісім бойынша)		Талап етілмейді	
<b>4. Өңірлік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламаларын және ведомстволық жоспарларды бұқаралық тыңдауға шығаратырып әзірлеу</b>						
44.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған ведомстволық жоспарларын мемлекеттік органдар жанындағы сараптамалық кеңестерде талқылау арқылы әзірлеу және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	ҚПА-ға ақпарат	Мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жылғы 30 маусым	Талап етілмейді	
45.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған аумақтық жоспарларын әкімдіктер жанындағы сараптамалық кеңестерде талқылау арқылы әзірлеу және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	ҚПА-ға ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006 жылғы 30 маусым	Талап етілмейді	
46.	Тәртіптік кеңестер қызметінің тиімділігін арттырумақсатында олардың қызметіне мониторинг жүргізу	МҚА-ға ақпарат	МҚА-ның аумақтық басқармалары	жарты жыл сайын	Талап етілмейді	
47.	Табиғи монополия субъектілерінің қаржылық қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есептерінің БАҚ-та жарияланылуын бақылауды жүзеге асыру	ҚПА-ға ақпарат	ТМРА (жинақтау), ИСМ	жыл сайын 30 желтоқсан	Талап етілмейді	
<b>5. Мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау</b>						

48.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы білу мен сақтауды насихаттау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы зерделеу бойынша сабақтар, "дөңгелек үстелдер", семинарлар өткізу	ҚПА-ға ақпарат	Мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 30 желтоқсан	Талап етілмейді	
49.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолдану тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру барысы туралы халықты хабардар ету жөніндегі тұрақты жүйелі жұмысты қамтамасыз ету	ҚПА-ға ақпарат	Мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 30 желтоқсан және 30 маусым	Талап етіледі	
50.	Билік органдары өкілдерінің тарапынан қорқытып алу фактілеріне төзбеу жағдайын құру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі іс-қимылды талқылау бойынша форумдар, "дөңгелек үстелдер", семинарлар ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚПА (жинақтау) (келісім бойынша), МҚА (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 10 қаңтар және 10 шілде	Талап етіледі	
51.	Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының нақты қызмет саласындағы өкілеттіктерін оларда көрсете отырып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кітапшалардың (жаднамалардың) ақысыз негізде таратылуын қамтамасыз ету	ҚПА-ға ақпарат	Мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 30 желтоқсан	Талап етіледі	
<b>6. Азаматтық қоғам құрылымдарымен өзара іс-қимыл</b>						
	Азаматтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы		МММ (жинақтау), облыс-			

52.	көз қарасты қалыптастырумен мақсатты және дәйекті айналысатын азаматтық қоғам субъектілерін қолдауды қамтамасыз ету	ҚПА-ға ақпарат	тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 30 желтоқсан және 30 маусым	Талап етілмейді	
53.	Айқындылық пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдер (мемлекеттік сатып алу, қоршаған ортаны қорғау, жер қатынастары) туралы жұртшылықты хабардар ету	ҚПА-ға ақпарат	Қоршаған-ортамині (жинақтау), ЖРА, мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 30 желтоқсан және 30 маусым	Талап етілмейді	
54.	Сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеулерді жүзеге асыратын мемлекеттік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер қызметінің нәтижелерін неғұрлым тиімді қолдану жөніндегі шараларды әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҚПА (жинақтау) (келісім бойынша), БП (2007 келісім бойынша), ПМ, Әділетмині, ИСМ	2007 жылғы 10 қаңтар	Талап етілмейді	
55.	Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру қызметіне азаматтық қоғам субъектілерін, ҮЕҰ тарту жөніндегі шараларды әзірлеу	ҚПА-ға ақпарат	ҚПА (жинақтау) (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006 жылғы 30 желтоқсан	Талап етілмейді	
56.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық та, жеке де өңірлік проблемаларды талқылау жөнінде тұрақты республикалық және өңірлік форумдар ұйымдастыру арқылы билік, бизнес және қоғамдық құрылымдар арасындағы диалогты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу	ҚПА-ға ақпарат	ҚПА (жинақтау) (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ПМ, МАМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006 жылғы 30 желтоқсан	Талап етіледі	
<b>7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес</b>						

саласындағы халықаралық ынтымақтастық						
57.	Әлемдік практика ерекшеліктерін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімі бойынша мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету	ҚПА-ға ақпарат	МҚА (жинақтау) (келісім бойынша), БҒМ, ПМ, СІМ, Қаржымині, ҰҚК (келісім бойынша), МБА (келісім бойынша)	жыл сайын 30 жел-тоқсан және 30 маусым	Талап етіледі	
58.	Қылмыстық істер, адамдарды ұстап беру және активтерді қайтару бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық келісімдерді жасасу жөніндегі жұмысты дайындау және өткізу	ҚПА-ға ақпарат	БП (жинақтау) (келісім бойынша), ПМ, ҰҚК (келісім бойынша), СІМ	2006 жылғы 30 жел-тоқсан	Талап етілмейді	
59.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен күрес мәселелерінде тәжірибе алмасу жөніндегі халықаралық конференцияларға, семинарларға қатысу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚПА (жинақтау) (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), СІМ, ПМ	жыл сайын 10 қаңтар және 10 шілде	Талап етіледі	
60.	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық тәжірибесіне үйретуде көмек көрсету жөніндегі халықаралық келісімдерді жасасу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚПА (жинақтау) (келісім бойынша), СІМ, БП (келісім бойынша), ПМ, ҰҚК (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша)	2008 жылғы 10 қаңтар	Талап етілмейді	
61.	Халықаралық жұртшылықты Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасасу және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қатысы бар кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлер туралы халықаралық ақпарат алмасуды жолға қою жөніндегі қызметі туралы хабардар етуде халықаралық	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚПА (жинақтау) (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ПМ, ТЖМ, Қорғаныс-мині	2008 жылғы 10 шілде		

	ұйымдармен өзара ынтымақтастық жөніндегі шараларды әзірлеу				Талап етілмейді
62.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық конвенцияларға қосылуға бағытталған жұмыстар жүргізу және оларды ратификациялау	ҚПА-ға ақпарат	БП (жинақтау) (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	2006-2008 жылдар 10 қаңтар	Талап етілмейді

### Е с к е р т п е :

2006-2008 жылдарға арналған республикалық бюджет бойынша шығыстар сомасы алдын ала сома болып табылады және оны Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес 2006-2008 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджет комиссиясы айқындайды

\*\* Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын іс-шараларға арналған шығыстарды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 2006-2008 жылдарға арналған жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде іздестіру ұсынылады.

Пайдаланылатын аббревиатуралар:

Б П - Б а с п р о к у р а т у р а

Ж С - Ж о ғ а р ғ ы С о т

Ұ Қ К - Ұ л т т ы қ қ а у і п с і з д і к к о м и т е т і

І І М - І ш к і і с т е р м и н и с т р л і г і

Т Ж М - Т ө т е н ш е ж а ғ д а й л а р м и н и с т р л і г і

Э Б Ж М - Э к о н о м и к а ж әне б ю д ж е т т і к ж о с п а р л а у м и н и с т р л і г і

Э М Р М - Э н е р г е т и к а ж әне м и н е р а л д ы қ р е с у р с т а р м и н и с т р л і г і

М А М - М ә д е н и е т ж әне а қ п а р а т м и н и с т р л і г і

Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қоршағанортамині - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ҚПА - Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі  
( қ а р ж ы п о л и ц и я с ы )

МҚА - Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ҚҚА - Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

Ұ Б - Ұ л т т ы қ Б а н к

БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары

Қорғанысмині - Қорғаныс министрлігі

Әділетмині - Әділет министрлігі

Қаржымині - Қаржы министрлігі

СІМ - Сыртқы істер министрлігі

БҒМ - Білім және ғылым министрлігі

АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі



ККМ - Көлік және коммуникация министрлігі  
ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі  
ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі  
АБА - Ақпараттандыру және байланыс агенттігі  
ЖРА - Жер ресурстарын басқару агенттігі  
ЕК - Есеп комитеті  
ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар  
ВАК - ведомствоаралық комиссия  
ПКҚ - ҚР Президентінің Күзет қызметі  
МБА - Мемлекеттік басқару академиясы

ТМРА - Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК